

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 882 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 маусым N 908. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.05.20. N 565 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шаруашылық серіктестерінде мемлекеттің атынан акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және қатысудың мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану құқықтарын жүзеге асырудың жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 882 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

- 1) 1) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:
"қоғамның директорлар кеңесін сайлау, оның сандық құрамын айқындау және оның мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;"
- 2) мынадай мазмұндағы 1- 1) тармақшамен толықтырылсын:
"1-1) заңдардың талаптарын ескере отырып акционерлік қоғамдардың бірінші басшыларын (басқармаларының төрағаларын) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселелерін Комитетпен келісуді қ а м т а м а с ы з е т с і н ; " .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар: Орынбекова Д.К., Кобдалиева Н.М.